

«Бөбек»  
Жалпыұлттық қозғалысы»  
заңды тұлғалардың қауымдастық  
нысанындағы бірлестігі

Қазақстан Республикасы, 010000,  
Астана қ., Е-49 көшесі, 23  
e-mail: bobek.org.kz@gmail.com  
сайт: www.bobek.org.kz



Объединение юридических лиц  
в форме ассоциации  
«Общенациональное движение  
«Бобек»

Республика Казахстан, 010000,  
г. Астана, улица Е-49, 23  
e-mail: bobek.org.kz@gmail.com  
сайт: www.bobek.org.kz



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

«Бөбек» Жалпыұлттық қозғалысы» заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігінің ұйымдастырумен еліміздің жастарын қолдау үшін қолға алынған Республикалық «Үздік студент» жобасы аясында **Қазақстан жастар Конгресінің** қолдауымен шығарылатын «**Жас қыран**» атты талантты студенттердің кітап жинағының II-ші шығарылымына құжаттар қабылдау басталғанын хабарлаймыз!

Құжаттар:

- Ғылым саласында
- Өнер саласында
- Спорт саласында
- Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары (Студенттік ұйымдар төрағалары мен белсенділері)

жетістікке жеткен студенттерден қабылданады.

Кітап жинаққа Республика көлеміндегі ЖОО студенттері арасынан «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық, республикалық және аймақтық олимпиадалардың, конференциялардың, жобалардың, орындаушылық байқаулардың жүлдегерлері; қоғамдық жастар қозғалыстарының көшбасшылары мен белсенділері; ҚР ұлттық құрамасының мүшелері, олимпиадалардың, халықаралық спорт жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері енгізіледі.

Жинаққа енгізу конкурстық негізде жүзеге асырылады. Жоба қатысушыларына «**Жас Қыран**» республикалық үздік жастардың кітап жинағы, арнайы тағайындалған «**Үздік студент 2018**» төс белгісі және **Құрмет грамотасы** беріледі. Сонымен қатар электронды нұсқадағы **кітап жинақ дискісі** де қоса жасалады.

Байқау қатысушылары өзі жайлы жазылған 2 беттен (14 кегл, Times New Roman) артық емес автобиографиясы (3 жақта жазылған), 1,5 беттен артық емес өмірбаяны (растайтын құжат көшірмелері (мыс.: Алынған алғыс хат, диплом және т.б.) қоса тіркелуі тиіс), 3\*4 форматтағы сапалы суретін **2018 жылдың 15-ші қарашасына дейін [uzdik.student2018@gmail.com](mailto:uzdik.student2018@gmail.com)** электронды мекен-жайына жолдауы тиіс. Байқауға құжаттар

3 (қазақ, орыс, ағылшын) тілде қабылданады. Өмірбаянда міндетті түрде тұрғылықты мекен-жайы көрсетілуі тиіс (Астана қаласына қорытынды конференцияға келе алмай қалған жағдайда көрсетілген мекен-жайы бойынша жинақ, төс белгі, грамота, дискідегі электронды нұсқа жіберілетін болады).

Жіберілетін мәліметтерге университетте оқу барысында алынған алғыс хат, грамота, диплом және т.б. марапаттары енгізіледі (9-11 сынып арасында алған марапаттарын да қосуға рұқсат етілген).

Кітап жинақтың таныстырылымы 2018 жылдың 14 желтоқсанында Астана қаласында конференция түрінде өтеді. Кітап таныстырылымына жинаққа енген (50 студент) «Үздік студенттер» шақырылады. Қорытынды конференция бағдарламасы 1-ші желтоқсанға дейін іріктеліп алынған студенттерге жіберіледі.

**Ескерту!!!**

Ұйымдастыру жарна ақысы қойылған. Жарна туралы ақпарат Сіздер жинаққа өз құжаттарыңызды жібергеннен соң 3 (үш) күн ішінде қаралып, жинаққа қабылдау туралы шешім шыққан жағдайда, Сіздердің электронды мекен-жайларыңызға қосымша ақпарат ретінде жіберіледі.

**Жоба туралы қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы ала аласыздар:**

Телефон: +7 (701) 475 16 38, +7 (775) 43 699 42

e-mail: [uzdik.student2018@gmail.com](mailto:uzdik.student2018@gmail.com)

**BOBEK** QAZAQSTAN JASTARYNYŇ KONGRESI

**ҮЗДІК СТУДЕНТ  
2018**

Қабылдау соңғы күні: 15 қараша  
+7(775) 436-99-42  
+7(701) 475-16-38  
Instagram: Uzdik.student2018